

Мақалаға қойылатын талаптар

Мақала ғылыми зерттеулердің аралық немесе түпкілікті нәтижелерінің өзіндік тұжырымдары мен баяндамаларын, авторлық әзірлемелерді, бұрын жарияланбаған және жаңалығы бар қорытындыларды, ұсынымдарды қамтуы керек. Сондай-ақ, басылымға ортақ тақырыпқа қатысты бұрын жарияланбаған ғылыми жұмыстарды қарауға арналған жүйелі шолулар да қабылданады. **Талапқа сәйкес келмейтін мақалалар қабылданбайды.**

Редакцияға келіп түскен барлық мақалалар мұқият қаралады/рецензияланады. Журнал рецензент автордың аты-жөнін, ал авторлар рецензенттің аты-жөнін білмейтіндей етіп, жасырын қатарлас әдіспен рецензиялау практикасын қолданады. Егер рецензенттерде сұрақ туындаса, мақала авторларға қайта қарау үшін қайтарылады.

Файлдың атауы бірінші автордың тегі бойынша беріледі: Егер бір автордан бірнеше жұмыс ұсынылса, онда файлдың атауы «АТЫ-ЖӨНІ 1», «АТЫ-ЖӨНІ 2» (мысалы: Петров Д.Н.1, Петров Д.Н.2). Әр мақала плагиатқа қарсы тексеруден өтеді. Мақала келесі бөлімдерден тұруы керек:

<i>Шолу мақаласы</i>	<i>Түпнұсқа мақала</i>	<i>Клиникалық жағдай</i>
Түйіндеме, түйін сөздер	Түйіндеме (мақсат, әдістер, нәтижелер, қорытынды), түйін сөздер	Түйіндеме, түйін сөздер
Кіріспе (зерттеу мақсаты)	Кіріспе (зерттеу мақсаты)	Кіріспе (зерттеу мақсаты)
Негізгі бөлім (атаулары бар бөлімдер)	Материалдар мен әдістер	Клиникалық жағдайдың сипаттамасы
Қорытынды	Нәтижелер	Нәтижелер
Мүдделер қақтығысы	Талқылау	Талқылау
Әдебиеттер тізімі	Қорытынды	Қорытынды
	Мүдделер қақтығысы	Мүдделер қақтығысы
	Авторлардың үлесі	Авторлардың үлесі
	Әдебиеттер тізімі	Әдебиеттер тізімі

Титул парағы

Титул парағында автор ретінде белгіленген барлық қатысушылардың ӘОЖ, мақаланың атауы, деректері (Тегі/Аты/Әкесінің аты, лауазымы, жұмыс орны, қаласы, елі, e-mail, ORCID) болады. Редакциямен байланысу үшін автордың деректері, пошта мекенжайы, телефон нөмірі титулдық парақтың төменгі жағында көрсетілуі керек.

Титул парағы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ресімделеді.

Түйіндеме

Түйіндеме көлемі 300 сөзден аспауы керек. Түпнұсқа мақаланың *қысқаша шолуында (абстракт)*: мақсаты, әдістері, нәтижелері, қорытындылары және түйін сөздері болуы қажет. *Шолу мақалаларына* қысқаша шолу таңдалған тақырыптың өзектілігі туралы ақпаратты қамтитын бір абзац түрінде жасалады. Қысқаша шолуда қысқартылған сөздер болмауы керек. Түйіндемеде әдебиеттерге сілтеме қосуға жол берілмейді. Түйіндеменің астында «түйін сөздер» жазылады, олар зерттеуде көрсететін сұрақтарды қарастырады (3-6 сөз). Түйіндеме сөздер үшін Index Medicus-та қолданылатын медициналық тақырыптар тізіміндегі терминдерді (MeSH, Medical Subject Headings) қолданған жөн (www.pubmed.com).

Түйіндеме де қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ресімделеді.

Кіріспе

Түпнұсқа мақалалар (авторлардың өз зерттеулерінің нәтижелері бойынша) IMRaD форматында қабылданады (ағыл. Introduction, Methods, Results and Discussion), оған сәйкес қолжазбаның құрылымы келесі бөлімдерді қамтуы керек: кіріспе, материалдар мен әдістер, нәтижелерді талқылау және қорытынды.

Кіріспеде зерттеудің мәні, өзектілігі мен мақсаты нақты анықталуы керек. Бұл бөлім зерттеудің алғышарттарын қамтамасыз етуі керек. Нақты мақсаттарды немесе зерттеу гипотезасын негіздеу және көрсету қажет. Бұл бөлімде мәселенің мәні және оның маңыздылығы көрсетілуі тиіс. Оқырманға осы зерттеудің қажеттілігін дәлел келтіре отырып көрсетуі қажет. Басқа елдерде жүргізілген зерттеулердің нәтижелеріне де сілтеме жасаған жөн.

Материалдар мен әдістер

Бөлім тек зерттеуде қолданылатын әдістерді қамтуы керек. Бұл бөлімде авторлар осы зерттеудің негізгі этикалық принциптерге сәйкес екендігі туралы мәлімдеуі керек. Бөлімде келесі тармақтардың нақты сипаттамасын ұсыну ұсынылады: зерттеу түрі, зерттеуге қатысушыларды таңдау әдісі, деректерді ұсыну және өңдеу әдістері.

1. Зерттеу түрі

Бөлімде жүргізілетін зерттеу түрі нақты сипатталуы тиіс (әдебиеттерге шолу, бақылау, эксперимент және т.б.). Зерттеу жылын, әсіресе маусымға қарай өзгеріп отыратын сипаттамалық белгілерінің зерттелуін көрсету керек.

2. Зерттеуге қатысушыларды іріктеу тәсілі

Бұл бөлімде бақылау үшін пациенттердің қандай жолмен таңдалғаны анық көрсетіледі. Зерттеуге қатысушыларды іріктеу жүргізілетін бас жиынтық көрсетіледі. Бақылау зерттеулерінде іріктемені жасау тәсілі

көрсетіледі (қарапайым кездейсоқ, стратификацияланған, жүйелі, кластерлік, көп сатылы, т.б.). Эксперименттік зерттеулерде зерттеуге қатысушыларды рандомизациялау рәсімінің болғаны не болмағаны көрсетіледі.

3. Мәліметтерді ұсыну және өңдеу тәсілі

Деректерді өңдеу әдісін егжей-тегжейлі сипаттау қажет. Бөлімде зерттеулерде қолданылған барлық статистикалық терминдердің, белгілердің және қысқарған сөздердің анықтамасы болуы керек. Егер жұмыста бірнеше статистикалық өлшемшарт қолданылса, олардың барлығын атап өту керек және қай жағдайда қандай өлшемшарттың қолданылғанын көрсету керек.

Авторлар пациенттерден ол туралы медициналық ақпаратты таратуға жазбаша хабардар етілген келісімін алғанын көрсетуге міндетті.

Нәтижелер

Нәтижелер мәтінде, кестелерде және зерттеу мақсаттары мен міндеттерінің реттілігіне негізделген логикалық дәйектілікпен иллюстрация түрінде ұсынылуы керек. Кестелер мәтіндегі кестеге сілтеме жасағаннан кейін басып шығарылуы керек, әр бағанның тақырыбы, терминдер мен қысқарған сөздердің түсіндірмесі кесте жазбаларында көрсетілуі тиіс. Барлық иллюстрациялар мәтінде көрсетілген ретпен араб цифрларымен дәйекті түрде нөмірленуі қажет. Басқа көздерден алынған иллюстрацияларды пайдаланған кезде ақпарат көзін беру қажет. Бұл бөлімде «Кіріспе» және «Әдістер» бөлімдерінде сипатталған материалды қайталамау керек.

Талқылау

Зерттеудің жаңа және маңызды аспектілерін бөліп көрсету керек, ең бастысы, дәл осындай нәтижелердің себептерін түсіндіруге тырысу тиіс. Зерттеудің күшті жақтарын немесе осы тақырып бойынша басқаларға қарағанда несімен артық екенін атап өткені жөн. Бөлімде осы зерттеу барысында алынған нәтижелер басқа авторлар жүргізген ұқсас зерттеулердің нәтижелерімен қалай салыстырылатыны сипатталғаны жөн. Алдыңғы зерттеулерге сілтеме жасаудың орнына, алынған нәтижелер басқа авторлардың нәтижелерінен неге ерекшеленетінін немесе ерекшеленбейтінін түсіндіруге тырысу керек.

Қорытынды

Қорытындыны ұсынылған бақылаулар немесе есептеулерге қатысы жоқ негізсіз мәлімдемелер мен қорытындыларға емес, зерттеу мақсаттарына сүйене отырып жасау қажет. Онда авторлар растаған білікті мәлімдемелер мен мәліметтер болуы тиіс. Қорытындыда қысқартылған сөздер болмауы керек.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының бар/жоқ екенін мәлімдеуі керек. Мүдделер қақтығысы болған жағдайда жетекші автор мүдделер қақтығысы туралы өтінішті толтырады.

Авторлардың үлесі

Бұл бөлімде мақалаға әр автордың қосқан үлесі көрсетілуі керек.

Әдебиеттер тізімі

Әдебиеттер тізіміндегі нөмірлеу алфавиттік ретпен емес, дәйексөздің қолданылуына қарай жүзеге асырылады. Соңғы 5-7 жыл ішінде жарияланған дереккөздерді пайдалану ұсынылады. Шетелдік авторлардың тегі түпнұсқа транскрипцияда келтіріледі. Түпнұсқа мақалалар үшін дереккөздердің саны 25-30, ал шолу мақалалары үшін 80-нен аспауы керек. Сілтеме нөмірі сөйлемнің соңында нүктеге дейін төртбұрышты жақшаға орналастырылуы керек. Ғылыми мақалаға сілтеме келесі ақпаратты қамтуы керек: авторлар, мақаланың атауы, журналдың атауы, жылы, көлемі/нөмірі, мақаланың бірінші және соңғы беттері. Кітапқа сілтемелер тек шыққан жылы мен беттер санын қамтуы керек. Әр дереккөздің соңында сандық объект идентификаторын (DOI) енгізу керек.

1. Авторлар. (Жарияланған жылы). Мақаланың атауы. *Журналдың атауы*, Том(шығарылым нөмірі), мақаланың бірінші беті – мақаланың соңғы беті. DOI

Ағылшын тіліндегі әдебиет көзін рәсімдеу үлгісі:

1. Gmelig Meyling, C., Verschuren, O., Rentinck, I. R., Engelbert, R. H., & Gorter, J. W. (2022). Physical rehabilitation interventions in children with acquired brain injury: a scoping review. *Developmental Medicine & Child Neurology*, 64(1), 40-48. <https://doi.org/10.1111/dmcn.14997>

Қазақ/орыс тіліндегі әдебиет көзін транслитерациямен рәсімдеу үлгісі:

1. Вакнин, Е. Е., Малышева, Е. В., Понимасов, О. Е., & Сабурова, Е. В. (2022). Гидротерапия в реабилитации детей с нервно-мышечными расстройствами. *Ученые записки университета им. П.Ф. Лесгафта*, 7(209), 68-71. <https://cyberleninka.ru/article/n/gidroterapiya-v-reabilitatsii-detey-s-nervno-myshechnymi-rasstroystvami>

Vaknin, E. E., Malysheva, E. V., Ponimasov, O. E., & Saburova, E. V. (2022). Gidroterapiya v reabilitatsii detey s nervno-myshechnymi rasstroystvami (Hydrotherapy in rehabilitation of children with neuromuscular disorders) [in Russian]. *Uchyonye zapiski universiteta im. P.F. Lesgafta*, 7(209), 68-71. <https://cyberleninka.ru/article/n/gidroterapiya-v-reabilitatsii-detey-s-nervno-myshechnymi-rasstroystvami>

Сайтқа сілтеме рәсімдеу үлгісі:

1. World Health Organization. International Clinical Trials Registry Platform (ICTRP). Website. [Cited 20 Jan 2024]. Available from URL: <https://www.who.int/tools/clinical-trials-registry-platform>

Нормативті-құқықтық құжатқа сілтемені рәсімдеу үлгісі:

1. Қазақстан Республикасының Кодексі. Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы: 2020 жылдың 7 шілдесі, № 360-VI ҚРЗ.

Кестелер

Әр кестеде кестенің атауы мен нөмірленуі мәтінде бірінші рет көрсетілген ретпен болуы керек. Кестеде қолданылатын барлық қысқартулар алфавиттік ретпен кестенің түсіндірмесінде ұсынылуы қажет. Көлемді кестелерді мақаланың соңында қосымша ретінде ұсынуға рұқсат етіледі.


Кестені және кесте тақырыбын дұрыс орналастыруды көрсететін мысал:

Кесте 1. Кесте атауы

Суреттер

Сызбалардың атауы мен нөмірленуі де болуы керек. Суреттер анық болуы тиіс және JPEG форматында кемінде 300 нүкте / дюйм (DPI) қабылданады.

Сызбаны және сурет атауының дұрыс орналасуын көрсететін мысал:



Сурет 1. Суреттің атауы

Мақала мәтіні Times New Roman шрифтімен 1 жоларалық интервалмен 12 пункт көлемінде басылады. Бағдар кітап (портрет) барлық жағынан 2,5 см өрістермен.

Мақалалар редакцияға электрондық түрде MS Word форматында келесі электрондық мекенжайға жіберіледі: vestnik.ncdr@gmail.com , ncdruno@gmail.com.